

Жарақат – барлығын жалмап жатыр...

Жеңіске екі елі қалғанда, аяқдоп шеберлерін көлеңкедей қуалайтын, сайтанның сапалағындай сап ете қалатын бір құбылыс бар — жарақат. Тұмсығы тасқа тигендей тосыннан келетін бұл нәубет талай тарланбоздың тағдырын талқан етті. Бірі есін жия алмай, екіншісі есеңгіреп, енді бірі ерте қош айтысып жатыр жасыл алаңмен.

Бүгінгі футболдың ең басты жауы да осы — жарақат. Ол жеңіске жетелейтін ең өткір қару – ойыншыны – бір сәтте-ақ жарамсыз етіп, команданың үмітін үзіп жатыр. Бүгінде әрбір топ-клубтың сапында кем дегенде үш футболшы жарақатпен сырқырап отыр. Бірі физикалық жүктеменің шегіне жетсе, бірі қыста өткен Әлем чемпионатының салдарын шегуде. Жауаптылар түрлі себептерді алға тартқанмен, ойыншы үшін ол жай ғана сылтау – денесі жаралы, жүрегі жарым.

Жарақат тіпті қақпаның тас қорғаны болғандардан да айналып өтпеді. Тибо Куртуа («Реал Мадрид»), Алиссон Беккер («Ливерпуль»), Марк-Андре Тер Штеген («Барселона») – бұлар әлем футболының ең үздік қақпашылары. Бірақ бүгін бәрі де медициналық орталықтар мен физиотерапевттердің қарауында жүр.

Қорғаныс шебінде де жағдай оңып тұрған жоқ. Эдер Милитао, Маттейс де Лигт, Алессандро Бастони – әрқайсысы өз командасының тірегі. Бірақ бүгінде алаңға емес, амбулаторияға баруға мәжбүр. Қарсылас шабуылын тойтаруға үйренген бұл ойыншылар жарақатпен күресте дәрменсіз боп қалды.

Алаңның жүрегі – жартылай қорғаушылар. Олардың жарақаты — ойынның ырғағын үзетін басты фактор. Тьяго Алькантара, Камавинга, Тчуамени, Пабло Гави... Жарақат шеңгеліне іліккендердің басым бөлігі – жастар. Олар енді ғана қалыптасып, көк аспанға бет алған сәтте, тағдыр тырнағы тым аямай батты.

Шабуыл шебінде де жағдай мәз емес. Винисиус Жуниор, Диего Жота, Тэмми Абрахам – үшеуі де қазіргі заман шабуылшыларының жаңа буыны. Жылдамдық, дриблинг, дәл соққы – бәрі бар. Бірақ жарақат деген кенеше жабысып, ең сәтті шақтарында сүріндірді.

Жарақаттың ең өкінішті құрбандарының бірі – Эден Азар. Кезінде "Челси" сапында көзге түсіп, әлемнің үздіктерінің қатарына енген еді. Месси мен Роналдудан кейінгі үздік деп бағаланған ойыншы "Реал Мадридке" ауысқан соң жарақаттан көз ашпады. Жанкүйерлер оны "Бургер Азар" деп атаса да, бұл — күлкі емес, трагедия еді. Ол – жарқ етіп сөнген жұлдыз. Биыл футболдан біржола қол үзіп, кәсіби мансабын аяқтады.

Бәлкім, футболда жарақат – жазылмаған заңдылық шығар. Бірақ бүгінгі тығыз күнтізбе, шектен тыс физикалық салмақ пен демалыссыз маусымдар сол заңдылықты тым қатыгез етіп жіберді. Бұл – жай ғана спорт емес, бұл – адам тағдыры. Әр жарақат – үзілген арман, әр сынық – шексіз күрестің таңбасы.

Футбол – алаңдағы өнер. Бірақ соңғы кезде ол – жарақатпен шайқасқа айналып бара жатқандай.